

**ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
АХУАЛДЫ ЖАҚСARTУ**

Қапезова А.Е

akhapez@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.М. Бакирбекова

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстан халқының өмір сүру сапасын зерттеуге, оның ең маңызды көрсеткіші - өмір сүру деңгейі қарастырылды. «Тұрмыс деңгейінің» негізгі көрсеткіштері зерттеледі. Ақшалай табыстар мен шығыстар, тұрмыстық табыстар, сондай-ақ күнкөріс минимумы бойынша санақаралық кезеңнің деректері қарастырылады. Халықтың өмір сүру сапасына көрсеткіштердің негізгі әсер ету моделін анықтауға әрекет жасалды. Сондай-ақ халықтың ақшалай табыстары құрылымындағы өзгеріс – халықтың табыстары бойынша саралануын күшейтуге немесе керісінше, әлсіреуіне ықпал ететін факторлардың бірі бола алатындығы негізделген.

Кілт сөздер: табыстар, халық, халықтың өмір сүру деңгейі, орташа айлық еңбекақы, ең төменгі күнкөріс деңгейі.

«Халықтың өмір сүру деңгейі» санатының айқын анықтамасы жоқ, сондықтан оның тиісті статистикалық көрсеткіштері үшін қажетті индикаторлар тізбесі мәселесі өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Өмір сүру деңгейі негізінен халықтың жеке, отбасылық немесе әлеуметтік топтарына қол жетімді тауарлар мен қызметтер жиынтығы ретінде анықталатын әдіс өте кең таралған. Сонымен қатар, өмір сүру деңгейінің маңызды көрсеткіштерінің бірі, әдетте, тауарлардың, қызметтердің және әртүрлі активтерді сатып алу қабілеттілігін анықтайтын үй шаруашылықтарының табысының көрсеткіші болып табылады [1]. Табыстар тұтынушылық шығындар мен болашақ тұтыну шығындарының көзі бола алатын тұтыну шығыстарын және жинақ ақшаларын қаржыландыру үшін, сонымен қатар, олардың меншік құқығы өмір сүру деңгейіне де әсер ететін үй шаруашылықтары бойынша қаржылық активтер мен мүлікті (үйлерді, жерді және т.б.) сатып алу мақсатында пайдаланылады. Халықтың өмір сүрінің деңгейі, сапасы жоғарлаған сайын мемлекеттің демографиялық жағдай да жақсарады.


Халықтың өмір сүру деңгейінің сапасын сипаттайтын бірыңғай жалпылама индикатордың болмауына байланысты, оны талдау үшін осы санаттағы әр түрлі аспектілерді көрсететін және келесі негізгі блоктарды топтастыратын статистикалық көрсеткіштердің кең ауқымы есептеледі:

- халықтың табысы көрсеткіштері;
- халықтың материалдық тауарлар мен көрсетілетін қызметтеріне шығыстары мен тұтыну көрсеткіштері;
- жинақ;
- халықтың табыстарын саралау көрсеткіштері, кедейліктің деңгейі мен лимиттері;
- әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары;
- халықтың өмір сүру деңгейін жалпылама бағалау.

Тұрмыс деңгейі индикаторларының кіші жүйесі әлеуметтік-экономикалық статистика көрсеткіштерінің жалпы жүйесінде ерекше орын алады, өйткені олардың көбі әр түрлі елдердің экономикалық даму деңгейлерін халықаралық салыстыра отырып, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік саясатты әзірлеу және басым бағыттарды айқындау кезінде экономиканың жағдайын қорыту үшін, сондай-ақ халықтың белгілі бір топтарын әлеуметтік қолдау ретінде пайдаланылады. Айта кету керек, аталған кіші индикаторлар зерттелетін санаттардың сандық жағын көбіне көрсетеді [1]. Халықтың тұрмыс жағдайын сапалы сипаттау үшін өмір сүру сапасы туралы түсінік беретін әлеуметтік статистиканың көрсеткіштерін пайдалану қажет. Олар демографиялық статистиканың, мемлекеттік және денсаулық сақтаудың, тұтынылатын азық-түліктің сапасы мен құрылымының, сауаттылық деңгейі мен білім беру мен мәдениет жағдайының, тұрғын үйдің жайлылығының және т.б. негізгі көрсеткіштерін қамтиды. Бұл көрсеткіштер халықтың әл-ауқатын толығырақ сипаттайтын халықаралық статистикалық тәжірибеде қолданылады.

Қазақстан Республикасының статистикасында пайдаланылатын көрсеткіштердің бірі – халықтың ақшалай табысы (жалақы, зейнетақы, жәрдемақы, стипендия және ақшалай

басқа әлеуметтік аударымдар, ауылшаруашылық өнімдерін сатудан түсетін табыстар, депозиттер бойынша сыйақы түріндегі мүлік, бағалы қағаздар, дивидендтер, іскерлік қызметтен, шетел валютасын сатудан, сондай-ақ сақтандыру төлемдерін, несиелерді және басқа да табыстарды). 2010 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде олардың құрылымындағы өзгерістерді көрсететін деректер 1-суретте көрсетілген.




Сурет 1. Қазақстан Республикасындағы халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары

Ескерту – [2] мәліметтері негізінде автормен құрастырылды

Орта есеппен жан басына шаққандағы халықтың ақшалай табысы ресми статистикалық мәліметтер бойынша 4 жыл ішінде 52 021 теңгеден 85 930 теңгеге дейін өсті. Алайда, инфляция деңгейін ескере отырып, табыстың құны сол деңгейде қалып отыр деп айтуға болады.

Осы деректерді ескере отырып, халықтың ақшалай шығындарын да ескеру қажет (2-сурет). Халықтың шығыстары да артты. Тұтыну тауарларын сатып алуға арналған шығыстар туралы ақпараттың негізгі көзі бөлшек сауда айналымының көлемі мен құрылымы туралы сауда статистикасы туралы деректер болып табылады. Бұдан басқа, есеп бермеген кәсіпорындарға, ұйымдаспаған саудаға, оның ішінде шетелден тауарларды ұйымдастырылмаған түрде импорттауға арналған есептеулер жүргізілді. Тұтыну көлемі мен құрылымы халықтың табысының немесе олардың орташа жан басына шаққандағы шамасының ғана емес, сонымен қатар тұтыну нарығындағы жағдаймен, мысалы, оның жекелеген тауарлармен қаныққан дәрежесі, олардың бағасының арақатынасы және т.б. бойынша анықталады.


Халықтың қызметтерге ақы төлеуі туралы ақпараттар алу үшін статистикалық деректерді үй шаруашылықтарына осындай қызметтерді көрсететін мекемелер мен ұйымдар ұсынады. Оларға нарықтық тұтыну қызметтері (тұрмыстық, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, көлік және байланыс, денсаулық сақтау және т.б.) және қаржы делдалдары (банктер, сақтандыру компаниялары, лотереялық ұйымдар) кіреді.



Сурет 2. Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай шығыстары

Ескерту – [3] мәліметтері негізінде автормен құрастырылды


Халықтың өмір сүру деңгейін неғұрлым терең әрі жан-жақты талдау үшін үй шаруашылықтарының таңдаулы бюджеттік сауалнамалары жүргізілді, бұл халық табысының құрылымы мен халықтың тұтыну шығыстары туралы статистикалық ақпараттың маңызды көзі болып табылады. Мұндай зерттеулер үй шаруашылықтарының материалдық әл-ауқатының деңгейі мен олардың құрамы, табыс көздері, экономиканың әртүрлі секторларында отбасы мүшелерін жұмыспен қамту арасындағы қатынастарды орнатуға мүмкіндік береді. Алынған ақпарат халықтың тұтынушылық мінез-құлқын зерттеу, тұтыну деңгейлері, табыстар мен бағалар арасындағы қарым-қатынасты анықтау үшін негіз болып табылады (3-сурет).



Сурет 3. Үш шаруашылықтарының орташа есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыстары.

Ескерту – [4] мәліметтері негізінде автормен құрастырылды

Халықтың өмір сүру деңгейі туралы айтатын болсақ, табыстары күнкөріс минимумынан төмен және азық-түлік қоржынының құнынан төмен халықтың үлесін ескеру қажет (4-сурет). Ең төменгі күнкөріс деңгейі азық-түліктің 43 элементі бойынша анықталды, ал азық-түлік себетінің пайыздық қатынасы 60% құрады.



Сурет 4. Табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан және азық-түлік қоржыны құнынан төмен халықтың үлесі.

Ескерту – [5] мәліметтері негізінде автормен құрастырылды

Үй шаруашылықтары шаруашылық қызметтің маңызды субъектілерінің бірі болып табылады, оның нәтижелері тек бірыңғай бизнес-бөлімнің әл-ауқатына ғана емес, тұтастай алғанда бүкіл мемлекет халқына байланысты. Экономиканың ең ірі субъектісі бола отырып, коммерциялық кәсіпорындар мен мемлекетпен қатар, үй шаруашылықтары барлық макроөңірлік процестерге қатысады.

Қорытындылайтын болсам, кіріс көзі бойынша табыс және оның ішіндегі еңбекақы құрылымы халықтың әл-ауқатын қалыптастыру үдерісінің маңызды сипаттамасы болып табылады. Халықтың ақшалай табысының құрылымы халыққа қандай табыс көзі маңызды

болып табылатындығы туралы түсінік береді. Халықтың ақшалай табыстары құрылымындағы өзгеріс – халықтың табыстары бойынша саралануын күшейтуге немесе керісінше, әлсіреуіне ықпал ететін факторлардың бірі бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан в 2009 году. А. А. Смаилова. — Астана, 2010. — 503 с.
2. <http://Stat.gov.kz/> – Қазақстан Республикасындағы халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары
3. <http://Stat.gov.kz/> – Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай шығыстары
4. <http://Stat.gov.kz/> – Үш шаруашылықтарының орташа есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыстары.
5. <http://Stat.gov.kz/> – Табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан және азық-түлік қоржыны құнынан төмен халықтың үлесі.